

ӘОЖ 616.72 053.2 -08 039.71

Қ. Құнбай¹, А.К. Қайрбеков², С.Б. Сламжанова³, Р.Р. Олжаева⁴, Е.Оразбеков⁵, А.Р. Сұраншиева⁶

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы қ.

^{1,2,5,6} Клиникалық фармакология, ЕДШ және физиотерапия кафедрасы,³ Фармакология кафедрасы,⁴ Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті, Семей қ.**БУЫН АУРУЛАРЫН ӨСІМДІК ТЕКТЕС ДӘРІЛІК ЗАТТАРМЕН ЕМДЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ****Тұжырым**

Қарт адамдардағы буын аурулары емдеуде сарғыш маклюра тұнбасының тиімділігі мен қауіпсіздігі зерттелді. Аталған тұнбаның артықшылығы: қысқы уақыт аралығында тиімді емдік нәтиже көрсетіп, буын аурулары бар науқастардың жағдайын жақсартты.

Түйінді сөздер: маклюра, амин қышқылдары, хроматография, тиімділік.

Тақырыптың өзектілігі: Әлемдік мәліметтерге сүйенсек жер бетіндегі 50 жастан асқан қарт адамдардың 80% буын ауруларынан зардап шегеді. Қазақстанда 40 жастан асқан адамдардың 70% буын ауруларына шалдыққан. Соңғы уақытта буын аурулары жиі кездесетін патологиялық үрдіске айналды. Созылмалы, ұзақ ауыру сезімі, еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі, өз-өзіне қызмет көрсетудің шектелуі, өмір сапасының нашарлауы медициналық-әлеуметтік күрделі мәселе.

Зерттеу мақсаты: сарғыш маклюра жемісі мен жоңғар акониті тамырынан жасалған өнімдерді буын ауруларын емдеуде қолдану, өсімдіктердің ерекшелігіне байланысты амин қышқылының сандық түрін анықтап, болашақ зерттеуге бастама жасау.

Зерттеу әдісі: Нозологиясы бірдей барлығы 10 науқас зерттелді. Оның ішінде жастары 66±15 сәйкес. Зерттелушілердің 5 немесе 50%-ы ер адам, ал 5 немесе 50%-ы әйел адам болып келеді.

Емдеу тәсілі: Амбулаториялық жағдайда буын аурулары бар науқастар таңдап алынды. Емдеу зерттеу барысында дәріхана жағдайында жасалған құрамы флавоноидтардан тұратын сарғыш маклюра жемісі мен жоңғар акониті тамырынан жасалған тұнба қолданылды. Сарғыш маклюра (лат. *Maclura pomifera*) жемісінен тұнба жасау әдісі: жемісін бөліктерге бөліп 50% спирт құйып, аузы тығыздап жабылатын ыдыспен тұндырылды. Қолданысқа дайындағаннан кейін 6-10 күннен кейін пайдаланылды. Науқастар ауырған буынына жергілікті компресс түрінде қолданды [1,2].

Жоңғар аконитінен (*Aconitum soongoricum*) тұнба жасау әдісі: 20 грамм тамырын үгітіп 40% - 200 мл спиртке араластырылып, 2 апта тұндырылды. Сүзіліп тұнба жасалды. Жергілікті сүртпе әдісімен қолданылды.

Зерттеу нәтижесі: Зерттеуге алынған 10 науқастың 8-і сарғыш маклюра жемісінен жасалған тұнбаны қолдану барысында ауру сезімінің азайып, қимыл-қозғалыс шектелуінің төмендеп, жағдайының жақсаруын айтады. Ал жоңғар аконитінен жасалған тұнбаны қолдану барысында жағдайларының жақсаруы 5 науқаста байқалды. Алайда 3 науқас қолдану кезінде қышыну, терінің құрғауы сияқты жанама әсерлерін көрсетті [3,4].

Шешім: Сарғыш маклюра жемісінен жасалған тұнба емдік қасиет көрсетті. Жоңғар аконитінен жасалған тұнба улы қасиетінің жоғары болуына байланысты, зерттеуден шектетілді. Зерттеу жұмысы ары қарай сарғыш маклюра жемісінің амин қышқылдарының сандық түрін анықтап, болашақ зерттеуге бастама жасалмақшы. Бұл зерттеудің негізгі нысаны ретінде

Қазақстанның оңтүстік аймағы, Шымкент бақтарында өсетін сарғыш түсті маклюра жемісі алынды [5-6]. Сарғыш маклюра - екіүйлі жапырақ тәрізді, биіктігі 20 метр болатын, тікенекті бұтағы бар ағаш. Жапырақтары спираль тәрізді орналасқан, өткірұшты болып аяқталады. Гүлі сырға тәрізді болып келеді. Жемісі – шартәрізді, әжімдік қатпарлы, сары-жасыл түсті, апельсин тәрізді болады, бірақ жеуге жарамсыз. Жемісі қазан айында піседі [7-8].

Жүйелік бөлім	Magnoliophyta
Класы	Magnoliopsida
Реті	Urticales
Тұқымдастығы	Moraceae
Туыстастығы	Maclura
Түрі pomifera (Raf.)	C.K. Schneid

Маклюра жылы, тропикалық аймақтарда – Солтүстік Америкада, Азияда, Африкада, Қырымда, Орта Азия мен Кавказда, ал Қазақстанда қалалық жайларда (Алматы, Шымкент) кездеседі [9-10].

Маклюра туыстастығына жататын өсімдіктер құрамы фенолкарбон қышқылы, флавоноидтар, изофлавоноидтар тобына жататын фенолдық байланыс кешенін құрайды. Сонымен қатар тритерпеноидты гликозидтер, көмірсулар, амин қышқылдары, май қышқылдары, алкалоидтар анықталды [11-12]. Фитотерапия тәжірибесінде өсімдік жемісін обыр ауруында, жүрек-қантамыр жүйесі ауруларында, гинекологиялық ауруларда, сонымен қатар жара, ауру сезімін басу, буын ауруларында және жалпы қорғаныс жүйесін күшейту үшін қолданылады [13,14,15]. Зерттеу әдісі: сарғыш маклюра жемісінің амин қышқылының сандық көрсеткішін анықтау үшін 1:15 қатынасындай шикізаттан сулық бөлігі бөлініп алынды. Бұл үшін 1 грамм шикізатқа 15 миллилитр су құйып, алынған сұйықтықты қайнаған сулық моншаға 20 минут қайнатып, қолбаға құйылып тоңазытқышқа қойылды. Нингидриндік реакция жүргізілді. Бұл үшін алынған сулық бөлікке 0,1% жаңа дайындалған нингидрин қосып сулық моншада қайнатылып, қайта суытылды. Суыту барысында сұйықтықтың қызыл - қоңыр түске боялуы амин қышқылдарының бар екендігін көрсетеді [16]. Алынған сулық бөліктің екінші жартысын фарфор ыдысқа құйып, қайнаған сулық моншаға қою қалдығы қалғанға дейін қайнатылады. Осы қалдық бөлікті 5 миллилитр суға қайта ерітіп хроматографиялық қағазға 0,05 миллилитр көлемінде жағылды. Амин қышқылдарын хроматографиялық анықтау үшін FILTRAK FN-4 жүйесінде н бутанол- сірке қышқылы- су (4:1:2) ерітінділері қағазға қолданылды. Стандартты ерітінді ретінде 0,1 н хлорсутегінің ерітіндісіндегі

алмастырылатын және алмастырылмайтын амин қышқылдары таңдалынып алынды [17].

Хроматограммада амин қышқылдарын анықтау үшін 0,1% нингидрин ерітіндісімен өңдеп, құрғақ шкафта 100-105 °С әлсіз қызғылт түсті дақ пайда болғанша қыздырылды. Осындай жолмен шикізаттан 20 бос амин қышқылы анықталды [18]. Жалпы сарғыш маклюраның амин қышқылдар саны: изотин (0,88%), лизин (0,86%) және DL- лейцин (0,86%), барлығы 14,05%.

Қорытынды: Сарғыш маклюраның буын ауруларын емдеуде тиімділігі жоғары болғандығы, құрамында бос амин қышқылдары мол екені айқындалды. Жапон ғалымдары бос амин қышқылдарының сандық көрінісін білу болашақта мидың қатерлі ісктерін емдеуге қолдануға болатынына болжам жасап отыр, осы бағытта жұмысты жалғастырудың маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Болезни суставов. Лучшие методы лечения: - Санкт-Петербург, Вектор, - 2008. - 128 с.
2. Болезни суставов: - Москва, Специальная литература, -2000. -408 с.
3. Мазуров В.И., Барановский А.Ю., Лиля А.М., Зоткин Е.М. Лечение и профилактика болезней суставов. - Санкт-Петербург, Диалект. - 2006. - 322 с.
4. Заболотных И.И. Болезни суставов. Москва, Специальная литература. - 2009. - 256 с.
5. Атлас ареалов и ресурсов лекарственных растений Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1994. - 200 с.
6. Головкин Б.Н., Руденская Р.Н., Трофимова И.А., Шретер А.И. Биологические активные вещества растительного происхождения // Наука. – 2001, №5, - 240 с.

7. Копытько Я.Ф., Костенникова З.П., Тимохина Е.А. // Фармация. – 1997, №6. - С. 31-34.

8. Пронченко Т.Е. Лекарственные растительные средства. - М.: ГЭОТАР-Мед. - 2002. - 285 с.

9. Кисличенко В.С., Ярошенко В.В., Кузнецова А.О. // Мед. химия. – 2007, Т.9, №3. - С. 109-111.

10. Кисличенко В.С., Вельма В.В. // Химия природ, соед. – 2006, №1. - С. 98.

11. Дьяконова Я.В., Кисличенко В.С., Самородов В.М., Поспелов С.В. // Мед химия. – 2007, №3. - С. 97-99.

12. Байтенов М.С., Васильева А.Н., Рамаюнова А.П. Иллюстрированный определитель растений Казахстана / М.С. Байтенов, А.Н. Васильева, А.П. Рамаюнова // Алма-Ата: Наука. – 1972, Т.II. - 489 с.

13. Рахматуллаева М.М., Аминов С.Н. // Pharmatsevtika J. – 2005, №2. - С. 25-28.

14. Сбежнева В.Г., Югин В.А. Природные полиацетилены в лечении злокачественных новообразований и пострадиационных поражений // 5-й (юбилейная) Междунар. конф. "Фитотерапия и новые технологии. 21-й век", - Пятигорск, 2004. - С. 72.

15. Степанов Ю.М., Кононов А.П., Журбина А.И. и др. // Журн. АМН Украины. - 2004. - Т.10, №2. - С. 339-351.

16. Фарманова Н.Т., Урманова Ф.Ф., Комилов Х.М. // Pharmatsevtika J. – 2005, №1. - С. 13-15.

17. Шилова И.В., Краснов Е.А., Барановская И.В. и др. // Хим.-фарм. журн. - 2002. - Т. 36, №11. - С. 36-38.

18. Ohlson M., Nordin A., Nasholm T. (1995) Accumulation of amino acids in forest plants in relation to ecological amplitude and nitrogen supply. Functional Ecology 9, 596-605. Contact: Ohlson, M.; Dep. Biol. Nature Conservation, Agric. Univ. Norway, PO Box 5014, N-1432 As, Norway.

Резюме

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СРЕДСТВ РАСТИТЕЛЬНОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ ПРИ ЛЕЧЕНИИ ЗАБОЛЕВАНИЯ СУСТАВОВ

К. Кунанбай¹, А.К. Каирбеков², С.Б. Сламжанова³, Р.Р. Олжаева⁴, Е. Оразбеков⁵, А.Р. Суранчиева⁶

Казахский Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова

^{1,2,5,6} Кафедра клинической фармакологии, ЛФК и физиотерапии,

³Кафедра фармакологии,

⁴Государственный медицинский университет города Семей

Изучена эффективность и безопасность настойки маклюры оранжевой при лечении заболевания суставов у больных пожилого возраста. Преимущество настойки маклюры - за короткое время проявляет выраженный лечебный эффект, улучшает состояние больных с заболеваниями суставов.

Ключевые слова: маклюра, аминокислоты, хроматография, эффективность.

Summary

FIRST RESULTS TREATMENT ARTHRAL ILLNESS WITH FITOTERAPIEY

K. Kunanbai¹, A.K. Kairbekov², S.B. Slamzhanova³, R.R. Olzhayeva⁴, E. Orazbekov⁵, A.R. Suranchyeva⁶

Kazakh National Medical University of name S.D. Asfendiyarov

^{1,2,5,6}Department of clinical pharmacology, LFK and physiotherapy,

³Department of pharmacology,

⁴State medical university of Semey

Going near the question of treatment of elderly patients, we studied efficiency and safety of tincture of maklyury orange in treatment arthral illness for the patients of superannuated. By important advantage of tincture of maklyury after brief a term is shown by a khoroshyy effect, helps sick with arthral illnesses.

Key words: maklyura, amino acid, chromatography, efficiency.